



MOTORIZED TREADMILL TRACK S6

| 07886-600



140 кг

Максималды пайдаланушы
салмағы




Өнім өлшемдері:
189,5×87×143,5 см



102 кг

Брутто салмағы



CHILD
PROTECTION
FIELD



ENERGY
DECK

KZ ЖҮГІРУ ЖОЛЫН ПАЙДАЛАНУ ЖӘНЕ ҚҰРАСТЫРУ НҰСҚАУЛЫҒЫ
ЖАТТЫҒУ БОЙЫНША ҰСЫНЫМДАР

МАЗМҰНЫ

1	Сақтық шаралары.....	4
2	Жаттығу құрылғысын пайдалануға дайындау.....	6
2.1	Жаттығу құрылғысының жиынтығын тексеру.....	7
2.2	Жаттығу құрылғысын құрастыру	8
3	Жаттығу құрылғысына техникалық қызмет көрсету.....	15
3.1	Құрылғыны пайдалану	15
3.2	Таспадағы реттемелер	16
3.3	KETT ADJUSTABLE CUSHION технологиясы	17
4	Жаттығу бойынша ұсынымдар	19
4.1	Қауіпсіздік техникасы бойынша нұсқаулар.....	19
4.2	Жаттығуларды жоспарлау және басқару	19
4.3	Жүрек соғу жиілігін өлшеу бойынша нұсқаулар.....	19
4.4	Төзімділік жаттығуларына арналған көрсеткіштер, жүктеме деңгейі	20
4.5	Денені қыздыру және қалыпқа келтіру.....	21
4.6	Базалық жаттығулар.....	22
4.7	Биомеханика — жүгіру жолы ТЕХНИКАЛЫҚ АҚПАРАТ	25
4.8	Қосымша жаттығу нұсқаулары	26
4.9	Жаттығу компьютерінің сипаттамасы	26
4.10	Батырмалар функциясы	28
4.11	Бастау мәзірі.....	29
4.12	Пайдаланушы мәзірі.....	30
4.13	Жүрек соғу жиілігін сымсыз өлшеу жүйесін пайдалану.....	32
4.14	Мобильді қолданбаларды пайдалану үшін мобильді құрылғыларды консольге қосу	33
5	Жаттығу құрылғысының егжей-тегжейлі сұлбасы.....	34
6	Жиынтықтауыштар тізімі.....	35
7	Техникалық ақпарат	37

Біздің жаттығу құрылғымызды сатып алғаныңыз үшін алғыс білдіреміз. KETTLER TRACK S6 жүгіру жолы заманауи технология мен эргономикалық дизайнды біріктіреді. Бұл жаттығу құрылғысымен жайлы үй жағдайында жаттығу физикалық күй мен жүрек-қантамыр жүйесін жақсартуға көмектеседі.

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!



Жаттығу құрылғысын пайдалануды бастамас бұрын, осы нұсқаулықты оқып шығып, оны кейін қолдану үшін сақтап қойыңыз. Осы нұсқаулықты мұқият оқып шығу жаттығу құрылғысын тез реттеп, оны дұрыс әрі қауіпсіз пайдалануға көмектеседі. Нұсқаулықты кейін анықтама ретінде пайдалану үшін сақтап қойыңыз.

⚠ белгішесі маңызды ескертуді білдіреді.

⚠ АТА-АНАЛАР МЕН ҚАМҚОРШЫЛАР НАЗАРЫНА!

Кішкентай балаларды, физикалық немесе ақыл-ой мүмкіндіктері шектеулі адамдарды және үй жануарларын жұмыс істеп тұрған жаттығу құрылғысынан аулақ ұстаңыз.

Жаттығуды бастамас бұрын кішкентай балалар, физикалық немесе ақыл-ой мүмкіндіктері шектеулі адамдар және үй жануарлары жаттығу кезінде үнемі бақылауда болатынына және жұмыс істеп тұрған жаттығу құрылғысына жақындай алмайтынына көз жеткізіңіз.

Жаттығу құрылғысын пайдаланбаған кезде әрқашан өшіріп жүріңіз.

Жаттығу құрылғысы жұмыс істеп тұрған кезде, оның айналмалы бөлшектері жақындаған адамның не жануардың дене мүшелерін қысып қалып, жарақатқа не өлімге әкелуі мүмкін.

Жаттығуды бастамас бұрын, әсіресе егер жасыңыз 35-тен асқан немесе ұзақ уақыт бойы спортпен айналыспаған болсаңыз, толық медициналық тексеруден өтуге қатаң түрде кеңес беріледі.

Егде жастағы адамдар, сондай-ақ созылмалы аурулары бар, операциядан кейінгі немесе оңалту кезеңінде жүрген адамдар жаттығу құрылғысымен жаттығуды бастамас бұрын міндетті түрде дәрігермен кеңесуі тиіс.

⚠ НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!

Егер қандай да бір ауруыңыз болса, жаттығу құрылғысын пайдалануға болатыны туралы шешімді тек дәрігер қабылдай алады.

Ауыр жарақат алу қаупін азайту үшін осы нұсқаулықтағы «сақтық шаралары» мен нұсқауларды, сондай-ақ жаттығу құрылғысының жапсырмаларындағы ақпаратты оқыңыз.

1 САҚТЫҚ ШАРАЛАРЫ

⚠ НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!

Бұл жаттығу құрылғысы барынша қауіпсіз етіп жасалған. Дегенмен, оны пайдалану кезінде белгілі бір сақтық шараларын сақтау керек. Жаттығу құрылғысын құрастыру және пайдалану алдында осы нұсқаулықты мұқият оқып шығыңыз.

Келесі сақтық шараларын сақтаңыз:

1. 8 жастан асқан балалар, физикалық, сенсорлық не ақыл-ой мүмкіндіктері шектеулі немесе тәжірибесі жоқ адамдар жаттығу құрылғысын пайдалануы үшін оны пайдалануға қатысты тиісті нұсқаулар алып, пайдалану қауіптерін түсінуі қажет, сондай-ақ олар жаттығу құрылғысы иесінің бақылауымен жаттығуы тиіс;
2. Жаттығу құрылғысының иесі барлық пайдаланушыларды қажетті сақтық шаралары туралы тиісті түрде хабарландыруға жауапты;
3. Жаттығу құрылғысын тек осы нұсқаулықтағы мақсатқа сай пайдаланыңыз;
4. Жаттығу құрылғысын тегіс және қатты жерге қойыңыз. Егер жаттығу құрылғысы тегіс емес еденге немесе ұзын түкті кілемге орнатылса, жаттығу құрылғысы жаттығу кезінде сықырлауы, орнықтылығы нашарлауы, тіпті аударылып кетуі мүмкін;
5. Әрқашан жаттығу құрылғысының айналасында кемінде 0,5 м бос орын қалдырыңыз;
6. Егер жаттығу құрылғысының желдету тесіктері болса, орнату кезінде олардың бітеліп қалмағанын тексеріңіз;
7. Еден жабынын зақымданудан қорғау үшін жаттығу құрылғысының астына арнайы кілемшені төсеуге болады;
8. Жаттығу құрылғысы тек үй жағдайында (температура +10-нан +35 °C-қа дейін, салыстырмалы ылғалдылық 75%-ға дейін) пайдалануға арналған;
9. Жаттығу құрылғысын құрғақ жерде сақтаңыз. Оның шаңы мен басқа кірлерін үнемі тазалап жүріңіз. Жаттығу құрылғысы орнатылған орынжай жақсы желдетілуі тиіс;
10. Жаттығу құрылғысын шаңды, ылғалды және жазғы орынжайларда, гаражда не су жанында пайдаланбаңыз. Жаттығу құрылғысын аэрозоль не жанғыш газдар шашырайтын жерге жақын қолдануға болмайды;
11. Жаттығу құрылғысын тазалау үшін жуғыш құралға малынған мақта сулықты қолданыңыз. Жуғыш құралдарды тікелей жаттығу құрылғысына жақпаңыз. Жаттығу құрылғысын тазалау үшін еріткіштер мен абразивті тазартқыш құралдарды қолданбаңыз. Бұл жаттығу құрылғысы элементтерінің лакбояулы қорғаныш жабынын зақымдауы мүмкін.
12. Жаттығу құрылғысынан балалар мен үй жануарларын аулақ ұстаңыз. Оларды жаттығу құрылғысы орналасқан орынжайда қараусыз қалдырмаңыз;
13. Жаттығу құрылғысын пайдаланбаған кезде әрқашан өшіріп жүріңіз;
14. Жаттығу құрылғысында бір уақытта тек бір адам ғана жаттығуы тиіс;
15. Егер салмағыңыз осы нұсқаулықтың «Техникалық сипаттамалар» бөлімінде көрсетілген максималды рұқсат етілген салмақтан асатын болса, жаттығу құрылғысын пайдаланбаңыз;
16. Жаттығу кезінде киімнің, сүлгілердің, баулардың және т.б. заттардың ұштарын жаттығу құрылғысының қозғалмалы бөлшектеріне тигізбеңіз;
17. Жаттығу құрылғысына жаттығуға арналмаған заттарды қоймаңыз, себебі ол құрылғыны зақымдауы және (немесе) өзі бұзылып қалуы мүмкін;
18. Жарақат алмау үшін жаттығу құрылғысының қозғалатын бөліктерін ұстамаңыз;
19. Жаттығу құрылғысын қолданған кезде спорттық киім мен аяқ киім киіңіз. Киім жаттығу құрылғысының бөлшектеріне ілініп қалмауы үшін тым кең болмауы керек. Жалаң аяқ жаттықпаңыз. Табанды тірек бетіне (мысалы, тірек платформасына, педальдарға және т.б.) сенімді орнатуға мүмкіндік бермейтін немесе табаны жаттығу құрылғысын зақымдауы мүмкін аяқ киіммен жаттықпаңыз;
20. Жаттығу құрылғысының астына бөгде заттарды қою арқылы оның көлбеу бұрышын өзгертпеңіз;
21. Жабдықты әрқашан қауіпсіз ұстаудың жалғыз жолы — зақымдалған және тозған бөлшектердің бар-жоғын уақытылы тексеріп отыру. Жаттығу құрылғысы тораптарының бекітпелерін кемінде айына бір рет тексеріп, қатайтыңыз. Жаттығу құрылғысының қозғалатын және үйкелетін тораптарын уақытылы майлап отыру ұсынылады (майлағыш бөлек сатылады);
22. Егер жаттығу құрылғысында ақау пайда болса (қалыпты жұмысқа тән емес дыбыс шығуы, қозғалмалы бөлшектердің айқасып не бұғатталып қалуы және т.б.), оны пайдалануды дереу тоқтатыңыз. Өз бетімен жөндеуге тыйым салынады. Сатушының сервистік қызметіне жүгіну арқылы білікті маманға жөндетіңіз;
23. Жаттығу құрылғысына жаттығуға арналмаған заттарды қоймаңыз. Ол құрылғыны зақымдауы және (немесе) өзі бұзылып қалуы мүмкін;

24. Жаттығу құрылғысының ішіне ештеңе түсіп кетпеуін қадағалаңыз. Егер құрылғы ішіне бөгде зат кіріп кетсе, оны абайлап алуға тырысыңыз. Егер оны өз бетіңізше ала алмасаңыз, сатушының сервистік қызметіне хабарласыңыз;
25. Жаттығу құрылғысының конструкциясын өзгерту немесе өндіруші не оның уәкілетті өкілі ұсынбаған аксессуарлар мен керек-жарақтарды пайдалану жабдықтың бұзылуына және кепілдікті қызмет көрсетуден бас тартуға себеп болуы мүмкін;
26. Қызмет мерзімі аяқталғанда жаттығу құрылғысын кәдеге жарату қажет. Пайдалану ережелерін сақтаған жағдайда, жаттығу құрылғысының қызмет мерзімі 7 жылды құрайды. Ол ресми түрде белгіленгеннен мерзімнен айтарлықтай ұзақ қызмет етуі мүмкін. Жаттығу құрылғысының конструкция элементтері тұрмыстық қалдықтарға жатпайды. Жабдықты немесе жаттығу құрылғысының қуат беру элементтерін тұрмыстық қалдықтармен бірге тастамаңыз. Пайдаланылған қуат беру элементтерін кәдеге жарату үшін еліңіздегі қоқысты қайтару және жинау жүйелерін пайдаланыңыз. Бөлшектелген аспаптарды бөлек-бөлек қабылдау пунктіне тапсыру арқылы қайта өңдеуге не кәдеге жаратуға жіберу қоршаған орта мен адам денсаулығына ықтимал теріс әсерлердің алдын алуға көмектеседі, сондай-ақ құрылғы жасалған материалдарды қайта пайдалануға мүмкіндік береді;
27. Өндіруші тұтынушыға алдын ала хабарлама жібермей, бұйымның жиынтықтамасына, дизайнына, функциялық мүмкіндіктеріне, соның ішінде аппараттық және бағдарламалық жасақтамасына өзгерістер енгізу құқығын өзіне қалдырады.

230 В желіге қосылған электрлік жаттығу құрылғысын пайдалану ережелері

Электр жабдықтарымен жұмыс істеу кезінде барлық сақтық шараларын сақтаңыз.

1. Жаттығу құрылғысын жерге тұйықтау түйіспесі бар және кемінде 10 А ток тұтынуға арналған электр желісіне қосыңыз. Жаттығу құрылғысы жұмыс істеп тұрған кезде, оның розеткасына басқа электраспаптарды қоспаңыз. Үйдегі электр желісінде жерге тұйықтау жабдығының бар-жоғына күмәніңіз болса, жаттығу құрылғысын қолданбас бұрын, электрикпен немесе сервистік қызмет өкілімен кеңесіңіз;
2. Қуат көзінің бауын қыздырылған беттерге және жылыту құрылғыларына жақын орналастыруға болмайды;
3. Жаттығу құрылғысын қосулы күйде ешқашан қараусыз қалдырмаңыз. Әр жаттығудан кейін жаттығу құрылғысын электр желісінен ажыратуды ұмытпаңыз;
4. Тазалауды немесе техникалық қызмет көрсетуді, жөндеуді немесе осы нұсқаулықта сипатталған басқа жұмыстарды орындамас бұрын жаттығу құрылғысын әрқашан электр желісінен ажыратыңыз. Осы нұсқаулықта сипатталғандардан басқа барлық профилактикалық, жөндеу және басқа жұмыстарды тек сатушының тұтынушыларға қызмет көрсету мамандары орындауы керек;
5. Жаттығу құрылғысының жеткізілім жиынтығына кіретін аша сіз таңдаған розеткаға сәйкес келмесе, жаттығу құрылғысының қуат көзі кабелінің ашасын ауыстыруға әрекеттенбеңіз. Бүкіл кабельді сәйкес конструкциядағы ұқсас ашамен ауыстырыңыз немесе электрикке хабарласыңыз және сәйкес розетканы орнатыңыз;
6. Электр желісі мен жаттығу құрылғысы арасында қосымша электр ұзартқыштарды және өтпелі бейімдегіштерді қолданбаңыз. Бұл қорғаныстық ажырату құрылғысын бұзуы және электр тогының соғу қаупін арттыруы, сондай-ақ кепілдікті қызмет көрсетуден бас тартуға себеп болуы мүмкін. Қуат кабелін кілем жабынының астынан өткізбеңіз және оған зақым келтіруі мүмкін заттарды қоймаңыз;
7. Жаттығу құрылғысында жаттығу кезінде бөгде иіс немесе түтін пайда болса, жаттығуды дереу тоқтатып, жаттығу құрылғысын электр желісінен ажыратыңыз. Ақаулы жаттығу құрылғысын өзіңіз диагностикалауға және жөндеуге тырыспаңыз, көмек алу үшін сатушының қызмет көрсету бөліміне хабарласыңыз;

Әр пайдалану алдында

Жаттығу құрылғысының электр кабелі зақымдалмағанын тексеріңіз. Оны дұрыс емес қосқан жағдайда электр тогы соғуы мүмкін. Егер үй желісі жерге тұйықталғанына сенімсіз болсаңыз, электрикке не сервистік қызмет өкіліне хабарласыңыз.

Сақтау шарттары

Жаттығу құрылғысын жылытылмаған орынжайда (мысалы, гаражда, қоймада, жазғы ғимаратта), сондай-ақ шаңды және ылғалдылығы жоғары орынжайларда сақтауға рұқсат етілмейді.

Жаттығу құрылғысын тасымалдау

- Жаттығу құрылғысы тек зауыттық қаптамада тасымалдануы керек.
- Жаттығу құрылғысын болашақта тасымалдау үшін зауыттық қаптаманы сақтап қоюға кеңес береміз.
- Жаттығу құрылғысын алған кезде оның зауыттық қаптамасы тасымалдау барысында зақымдалмағанын тексеріңіз.
- Жаттығу құрылғысының сезімтал электрондық компоненттері бар, сондықтан оны сілкімей және соқпай тасымалдау керек.
- Жаттығу құрылғысы тасымалдау кезінде жаңбырдан, ылғалдан және басқа да атмосфералық әсерлерден қорғалуы тиіс.

2 ЖАТТЫҒУ ҚҰРЫЛҒЫСЫН ПАЙДАЛАНУҒА ДАЙЫНДАУ



CHILD PROTECTION FIELD технологиясы — Балалары немесе үй жануарлары бар отбасылар үшін маңызды қауіпсіздік технологиясы. Егер жүгіру жолы байқаусызда іске қосылса, жаттығу құрылғысының артқы жағындағы қосымша қауіпсіздік платформасы жүгіру жолағының астына заттардың сорылуын болдырмай, жарақат алу қаупін азайтады.



Kinomap технологиясы

Жаттығу құрылғысының Kinomap қолданбасына ең түсінікті түрде қосылуын қамтамасыз ететін технология. KETTLER моделінің бүкіл ауқымы бөлек қолданба мәзірінде жинақталған.

Kinomap қолданбасын смарт сағаттармен (Apple) синхрондауға болады: пайдаланушының жүрек соғу жиілігі туралы деректер Kinomap онлайн жаттығуына біріктірілген.

Сонымен қатар, физикалық белсенділікті бақылауға арналған әртүрлі жиынтық қолданбалармен Kinomap-тен жаттығу нәтижелерімен деректерді синхрондау: журнал, жаттығу, прогресс және т.б., мысалы, FITNESS қолданбасымен (IOS) ойландырылған. Kinomap арқылы орындалатын жаттығу түрі, оның күні және нәтижелері смарт сағат арқылы Fitness қолданбасына автоматты түрде біріктіріледі.

Смартфонға/планшетке (IOS, Android) арналған Kinomap қолданбасының өзі жаттығу құрылғысын фитнеске арналған ойын-сауық кешеніне айналдырады. Реттелетін жүктемесі бар виртуалды жаттығу симуляциясын жасайды және жеке жаттығу бейне мазмұнын жүктеп салуға мүмкіндік береді.

KETT INTERACTIVITY WITH SMART GYM — технология пайдаланушыға таңдау үшін белгілі фитнес қолданбаларының бірқатарына қосылуға мүмкіндік береді:

- Kinomap
- Zwift
- Rouvy
- Fulgaz
- RGT cycling және т.б.
- BitGym

Таңдалған қолданбаға байланысты бұл технология жүгіру жолындағы жүктеме мен көлбеуді автоматты түрде реттеуде; пайдаланушы таңдаған онлайн жаттығу үшін эллипсте, бәйке, еспе жаттығу құрылғыларында төзімділікті автоматты реттеуде көрінетін интерактивтілікті қамтамасыз етеді.

РЕТТЕЛЕТІН КӨРІНІС

KETTLER әртүрлі адамдардың қажеттіліктері мен талғамдарына сәйкес реттелетін дисплейді ойлап тапты. Пайдаланушы тек ең маңызды мәндерді көрсететін минималистикалық экран мен барлық мәндері бар сарапшы экраны, жаттығу матрицасы және іске қосылған анимациялар арасында таңдай алады. Сондай-ақ, пайдаланушылардың жеке қажеттіліктеріне сәйкес біріктірілген шешімдерді жасауға болады.

ӨНІМДІЛІГІ ЖОҒАРЫ МОТОР

KETTLER TRACK S жүгіру жолдары жоғары өнімділігі жоғары, ұзаққа жарамды қозғалтқыштармен және үлкен жүгіру беттерімен жабдықталған. KETTLER TRACK S10 үздік үлгісінде тіпті кірістірілген айнымалы ток қозғалтқышы бар, бұл құрылғыны студиялар үшін қолайлы етеді.

INTELLIGENTLY DESIGNED ERGONOMY

Ойластырылған эргономика – жүгіру ырғағыңызды ештеңе бұзбауы үшін сізге қажет нәрсенің бәрі қолжетімді. KETTLER эргономикалық талаптарды ескере отырып, консольдегі басқару элементтерінің орналасуын оңтайландырды.






Патенттелген, инновациялық Energy Deck амортизациялық жүйесінің технологиясы S сериялы Track жолдарының негізі болып табылады.


Арнайы ұяшықты материалды пайдаланып жүгіру жолағының бүкіл бетін амортизациялау жүктемені азайтады және итеру кезінде соққы энергиясын қайтарады, бұл жолда жүгіруді серпінді және қауіпсіз етеді. Жүгіру жолындағы шу деңгейі де төмендейді.

2.1 Жаттығу құрылғысының жиынтығын тексеру


Жаттығу құрылғысын айналадағы басқа заттардан кемінде 1 м қашықтықта орналастырыңыз. Құрастыруды бастамас бұрын, жаттығу құрылғысының барлық конструкция элементтерін ашық жерге жайып қойып, қаптама материалын шешіңіз. Қаптамада ештеңе қалмағанына көз жеткізіңіз. Жаттығу құрылғысының барлық конструкция элементтері бар екенін тексеріңіз. Жаттығу құрылғысының кейбір бөліктері алдын ала құрастырылған күйде жеткізілетінін ескеріңіз.

Жаттығу құрылғысының жиынтықтамасы

Суреті	Саны	Суреті	Саны
	1		1
	1		1
	1		1
	1		1



Қажетті құрал-сайман — жеткізілім жиынтығына кірмейді.




2.2 Жаттығу құрылғысын құрастыру

Қаптама бүтін екенін тексеріңіз.

Қорапты ашыңыз.

1-қадам

- Құрылғы қорапта болған кезде, оның үстіңгі жағындағы қызыл таспаны кесуге болмайтынын ескеріңіз.
- Көмекшіні шақырып, жаттығу құрылғысын қораптан шығарыңыз.
- Енді тасымалдау таспасын алып тастауға болады.
- Жиынтықтылығын тексеріңіз.
- Қаптаманың целофаннан жасалған бөліктерін алып тастаңыз.
- Жүгіру жолағын жоғары көтеріңіз.



2-қадам

- Сақтандырғыш сымтемірді сымнан алып тастаңыз.
- Тағандар сәйкесінше (L) сол және (R) оң жақ ретінде белгіленген.
- Оң жақта тағанның төменгі жағындағы сымды жаттығу құрылғысы корпусының сымына қосыңыз.
- Бүйірлік тағанды жақтауға қойып, оны жақтаудың үстіне 2 бұрандамен (M8×20), 2 гровер тығырығымен (Ø11), 2 тығырықпен (Ø16), алты қырлы кілтпен (6 мм) бекітіңіз.
- Екінші жағын да дәл осылай орнатыңыз.
- Қатайтуды динамометрлік кілтпен тексеру ұсынылады, қатайту моменті 20 Нм болуы керек.

2.3

4× |




M8×20



Ø11




Ø16



$M = 20 \text{ Nm}$



SW6




3-қадам

- Жеткізгішті басып, жүгіру жолағын төмендетіңіз — жолақ өз бетімен төмен түседі.
- Төменгі жағындағы тағандарды жақтаудың бүйіріне 2 бүйірлік бұрандамен (M8×50), 2 гровер тығырығымен (Ø13,5) және 2 тығырықпен (Ø17) бекітіңіз.
- Екінші жағын да дәл осылай орнатыңыз.
- Қатайтуды динамометрлік кілтпен тексеру ұсынылады, қатайту моменті 20 Нм болуы керек.


3.2   
4× | M8×50 Ø13,5 Ø17

 
M = 20 Nm SW6



4.1-қадам

- Консольді бекітілген бүйірлік тағандарға орнатыңыз, алдымен тұтқаның оң және сол жағындағы сымдарды жалғаңыз.
- Абай болыңыз. Бекітілмеген консоль төңкерілмеуі үшін, оны ұстап тұрыңыз.



4.3-қадам

- Консольді 6 бұрандамен (M8x16), 6 гровер тығырығымен (Ø13,5) және 6 тығырықпен (Ø17) екі жағынан 6 мм-лік алты қырлы кілтпен бекітіңіз.
- Қатайтуды динамометрлік кілтпен тексеру ұсынылады, қатайту моменті 20 Нм болуы керек.

4.3




6× |

M8×16

Ø13,5


Ø17



$M = 20 \text{ Nm}$



SW6



5-қадам

- Қысқа шеті бар пластик қаптамаларды тұтқалар арқылы жоғары қарай бұрап, екі жағына орнатып, қатайтыңыз.





6-қадам

- Айқыш бұрауышты пайдаланып консоль тағанының астыңғы жағының қаптамаларын 6 бұрандамен (4x12) екі жағына орнатыңыз.
- Планшетке/смартфонға немесе сағатқа арналған ұстағышты ойыққа салыңыз.
- Консольге қауіпсіздік кілтін орнатыңыз.
- Қуат кабелін ұяға орнатыңыз

6.1 

6x | 4x12



Жүгіру жолы зауыттық маймен майланған. Дегенмен, майын үнемі тексеріп тұру керек.

Жаттығу құрылғысы жұмысқа дайын.

Жаттығуыңыз сәтті болсын!

3 ЖАТТЫҒУ ҚҰРЫЛҒЫСЫНА ТЕХНИКАЛЫҚ ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ

3.1 Құрылғыны пайдалану

Бұғаттау

Орынды үнемдеу қажет болса, жүгіру жолын тігінен оңай жинауға болады. Бұл үшін жүгіру жолын жинаған кезде анық шерту дыбысы естілгенше, төмендегі суретте көрсетілген қадамдарды орындаңыз.

Бұғаттан шығару


Жүгіру жолағын астынан ұстаңыз және оны басқару тақтасы бағытында басыңыз. Бұғаттан шығару бұғат құлпын аяқпен аздап басу арқылы орындалады. Осыдан кейін жолды қайтадан жаттығу үшін пайдалануға болады.

Жылжыту

Жаттығу құрылғысын тасымалдау роликтері арқылы кез келген жерге оңай жылжытуға болады.


⚠ НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ! Жаттығу құрылғысын тегіс емес жерде жылжытпаңыз, себебі бұл роликтер мен құрылғыны зақымдауы мүмкін.

Алдымен желілік істікшені розеткадан ажыратып, желі бөлігін шетке қою керек. Жүгіру жолын алдымен қуат көзінен ажыратқаннан кейін, жиналған күйде ғана жылжытуға болады. Ол үшін жүгіру жолын осы мақсат үшін берілген тасымалдау дөңгелектерінде жылжыту үшін төмендегі суретте көрсетілгендей жинау керек. Жаттығу құрылғысын басқа жерге жылжыту үшін тағанның жоғарғы тұтқаларынан ұстап, оны өзіңізге қарай еңкейтіңіз.




3.2 Таспадағы реттемелер

⚠ НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ! Жолды пайдаланған кезде жайма матаның белгілер арасында орналасқанына көз жеткізіңіз. Әйтпесе, жүгіру жолын тоқтатып, жүгіру жолағын дұрыс реттеу керек.



Таспаны реттеу


Таспаны реттеу шамамен 6 км/сағ жылдамдықпен қозғалған кезде жүзеге асырылады (қажет болса, төмен жылдамдықпен). Реттеу кезінде таспада адамдар болмауы керек! Егер таспа оңға қарай жылжыса, оң жақ реттегіш бұранданы (жоғарыдағы сурет) бүйірлі кілтті пайдаланып сағат тілімен ең көбі төрттен бір айналымға бұраңыз. Оның жүруін тексеру үшін таспаның үстінен жүгіріңіз. Таспа қайтадан түзу қозғала бастағанша процесті қайталаңыз. Егер таспа солға қарай жылжыса, оң жақ реттегіш бұранданы (жоғарыдағы сурет) бүйірлі кілтті пайдаланып сағат тіліне қарсы ең көбі төрттен бір айналымға бұраңыз. Оның жүруін тексеру үшін таспаның үстінен жүгіріңіз. Таспа қайтадан түзу қозғала бастағанша процесті қайталаңыз.



Таспа керілісі

Реттеу бұрандасын (жоғарыдағы сурет) сағат тілінің бағытымен ең көбі бір айналымға бұраңыз. Қарама-қарсы жақта да әрекетті қайталаңыз. Таспаның сырғымай тұрғанын тексеріңіз. Олай болса, жоғарыда айтылған процесті тағы бір рет қайталаңыз.

Жүгіру жолағы сырғып кетсе, таспаны дәл ортасына реттей отырып, таспаның тартылуын тағы бір рет қайталаңыз.



3.3 KETT ADJUSTABLE CUSHION технологиясы

Жүгіру жолында жеке жүгіру жылдамдығын реттеу.

Осы технология жүгіру жолағының амортизация жүйесіндегі бәсеңдеткіштер санын реттеу арқылы жеке жүгіру сезімін береді.

Әртүрлі жүгіру тәсілдерін пайдалану үшін жолды реттеу мүмкіндігі пайдаланушының салмағына байланысты болады: жеңіл, орташа, қатты амортизация түрлері бар. Бұл пайдаланушының қалауларына байланысты жүгіру түрлерін өзгертуге мүмкіндік береді: кейбір адамдарға асфальтта немесе басқа қатты жерлерде жүгіру ыңғайлы, ал басқаларға «құмда» жүгіру сезімі ұнайды.

Бұл бірнеше отбасы мүшелері бір жаттығу құрылғысында үнемі жаттығатын отбасылар үшін өте ыңғайлы: әр пайдаланушы жүгіру қаттылығын салмағына қарай жеке қалауларына сәйкес реттей алады.

Бәсеңдеткіштерді реттеу бойынша нұсқаулар

Бәсеңдеткіштерді амортизация үшін шығару мақсатында жүгіру жолын дайындаңыз. Құрылғыны электр желісінен ажыратып, оны тегіс жерге қойыңыз. Нұсқауларға сәйкес жүгіру жолағын көтеріңіз. Төмендегі суреттерде көрсетілгендей, жүгіру жолағының астындағы бәсеңдеткіштерді алып тастауды бастаңыз. Бұл әрекет арнайы құралдарды қажет етпейді.



Кушондарды қайта салу үшін оларды қосымша құралдарсыз орнына қайтарыңыз. Оларды арнайы ойықтарға бекітіңіз.

Амортизацияға арналған бәсеңдеткіштердің саны мен түрлері көрсетілген кесте

KETTLER моделі	TRACK S607886–600	TRACK S807886–800	TRACK S1007886–900
Максималды пайдаланушы салмағы, кг	140	150	175
Кушондар сипаттамасы	4 сұр EPDM кушоны (2 қызғылт сары TPE кірістірмеге салынған); 4 сұр ұзын EPDM кушоны	4 сұр EPDM кушоны (2 қызғылт сары TPE кірістірмеге салынған); 8 сұр ұзын EPDM кушоны	4 сұр EPDM кушоны (2 қызғылт сары TPE кірістірмеге салынған); 8 сұр ұзын EPDM кушоны
Максималды кушондар саны	4+4=8	4+8=12	4+8=12
Кушон фотосуреттері			

Пайдаланушының максималды салмағына және амортизация бәсеңдеткішінің санына/түріне байланысты жүгіру кезінде жүгіру жолы жабынының қаттылығын қайталайтын деңгейлер кестесі

TRACK S6 07886–600



Максималды пайдаланушы салмағы, кг	Кушондар саны (2 қызғылт сары TPE кірістірмеге салынған сұр EPDM кушондары)	Кушондар саны (сұр ұзын EPDM кушондары)	ЖАЛПЫ кушондар саны	Түсініктеме
Жұмсақ жүгіру жолының жабынын қайталау (топырақ)				
40	–	–	–	Опция қолжетімсіз
60	2	0	2	
80	4	0	4	
100	0	4	4	
140	4	2	6	
Қаттылығы орташа жүгіру жолының жабынын қайталау (стадион жабыны)				
40	2	0	2	
60	4	0	4	
80	4	2	6	
100	4	4	6 немесе 8	
140	4	4	8	
Қатты жүгіру жолының жабынын қайталау (асфальт, бетон)				
40	4	4	4 немесе 6 не 8	
60	4	4	6 немесе 8	
80	4	4	8	
100	–	–	–	Опция қолжетімсіз
140	–	–	–	Опция қолжетімсіз

4 ЖАТТЫҒУ БОЙЫНША ҰСЫНЫМДАР

⚠ НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!

Жаттығу алдында емдеуші дәрігеріңізбен кеңесіңіз. Бұл әсіресе 35 жастан асқан не денсаулығы нашар адамдар үшін өте маңызды. Жаттығуды бастамас бұрын осы нұсқаулықты толық оқып шығыңыз.

⚠ НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!

Егер шаршау, әлсіздік не ауру белгілерін сезінсеңіз, жаттығуды бастамаңыз.

Жаттығу құрылғысында алкогольдік немесе есірткілік масаң күйде жаттығуға қатаң тыйым салынады. Егер жаттығу барысында әлсіздік, бас айналу немесе ауру белгілерін сезінсеңіз, жаттығуды дереу тоқтатып, мүмкіндігінше тезірек дәрігерге қаралыңыз.

4.1 Қауіпсіздік техникасы бойынша нұсқаулар

⚠ ҚАУІП! Жаттығу құрылғысын пайдалану кезінде де, пайдаланып болғаннан кейін де балалар мен үй жануарлары оған жақындамауы керек, өйткені ол қауіпті!

⚠ ҚАУІП! Ересек адам болмаған кезде балалардың немесе үй жануарларының жаттығу құрылғысына қол жеткізуіне жол бермеу үшін оның қуат блогын өшіріп, сымды розеткадан суырыңыз.

Өз қауіпсіздігіңіз үшін келесі нұсқауларды орындаңыз:

- Жаттығу құрылғысын ыңғайлы және берік негізге орнату керек.
- Жаттығу құрылғысын алғашқы пайдалануға беру алдында қосылыстар беріктігін тексеру қажет. Құрылғыны шамамен 6 күн пайдаланғаннан кейін қайта тексеру керек.
- Дұрыс емес немесе шамадан тыс жүктемеге байланысты жарақат алып қалмау үшін жаттығу құрылғысын тек нұсқаулыққа сәйкес пайдалану керек.
- Тот басу қаупіне байланысты құрылғыны ылғалды жерлерге ұзақ уақытқа орнату ұсынылмайды.
- Жаттығу құрылғысының жұмысқа жарамдылығын уақытылы тексеріп отырыңыз.
- Пайдаланушы құрылғы қауіпсіздігін тексеруге міндеті. Мұндай тексерулер үнемі және тиісті түрде жүргізілуі керек.
- Ақаулы немесе зақымдалған компоненттерді сатушының сервистік қызметіне жүгіну арқылы дереу ауыстыру қажет.
- Құрылғыны жөнделгенге дейін пайдалануға тыйым салынады.
- Құрылғыны әрқашан қауіпсіз ұстаудың жалғыз жолы — зақымдалған және тозған бөлшектердің бар-жоғын уақытылы тексеріп отыру.

Өз қауіпсіздігіңіз үшін:

Жаттығуды бастамас бұрын, сізге осы құрылғымен жаттығуға болатынына сенімді болу үшін дәрігермен кеңесіңіз. Дәрігер шешіміне сәйкес жаттығу бағдарламасын құру қажет. Дұрыс емес жаттығу немесе шамадан тыс жүктеме денсаулыққа зиян келтіруі мүмкін.

4.2 Жаттығуларды жоспарлау және басқару

Жаттығу жоспарын қазіргі физикалық жағдайыңызға қарай құру қажет. Дәрігер жүктеме сынағы арқылы физикалық жағдайыңызды анықтап береді. Сіз осы нәтижеге сүйене отырып, жасайтын жаттығуларды жоспарлай аласыз. Егер ондай сынақтан өтпеген болсаңыз, ауыр немесе шамадан тыс жүктемемен жаттығу жасамаңыз. Жаттығуды жоспарлау кезінде келесі негізгі принципті ескеру қажет: төзімділік жаттығулары жүктеме көлемімен де, жүктеме мәнімен/қарқындылығымен де реттеледі.

4.3 Жүрек соғу жиілігін өлшеу бойынша нұсқаулар

Тұтқалардағы ЖСЖ датчиктері кеуде кардиобелбеуін пайдаланбай-ақ ЖСЖ-ны өлшеуге мүмкіндік береді. Ол үшін екі қолмен жанасу беттерін ұстап, осы қалыпта тыныш тұру керек. Жанасу беттерін тым қатты қысып, қолыңызды қажап алмаңыз. Жүректің жиырылуы кезінде пайда болатын елеусіз минималды кернеу датчиктермен тіркеліп, электроника арқылы өңделеді. Жүрек соғу жиілігі дисплейде көрсетіледі.

Жүрек соғу жиілігін дәлірек және ыңғайлырақ өлшеу үшін жаттығу құрылғысы жүрек соғу жиілігін сымсыз өлшеу жүйесімен жабдықталған. Бұл жүйені пайдалану үшін сізге үйлесімді кеуде кардиодатчигін (таратқышты) кию керек.

4.4 Төзімділік жаттығуларына арналған көрсеткіштер, жүктеме деңгейі

Жаттығу бағдарламасын біртіндеп бастаңыз, яғни әр 2 күн сайын бір жаттығу блогын жасаңыз. Жаттығу көлемін апта сайын арттырып отырыңыз. Қысқа кезеңдерден бастаңыз, содан кейін оларды үнемі көбейтіңіз. Өзіңізге тым қиын мақсаттар қоймаңыз және шамадан тыс жүктемелерден аулақ болыңыз, олар денсаулыққа кері әсер етуі мүмкін. Негізгі жаттығуларға қоса велосипед тебу, билеу, сыртта жүгіру сияқты басқа да әрекеттерді орындаңыз. Жарық күн сәулесі немесе жасанды (неон, галоген) жарық астында жаттықпаңыз. Жаттығу алдында әрқашан қыздырыңыз. Бұлшықеттерді созып алмау және жарақат алмау үшін кемінде бес минут созылу не гимнастика жаттығуларын жасаңыз.

Жүрек соғу жиілігін үнемі тексеріп отырыңыз. Егер сізде жүрек соғу жиілігін (ЖСЖ) өлшейтін құрал болмаса, терапевттен жүрек соғу жиілігін қалай тиімді өлшеуге болатынын сұраңыз. Жақсы жаттығу нәтижелеріне қол жеткізу үшін дәрігердің көмегімен жасыңыз бен физикалық дайындық деңгейіңізге сәйкес оңтайлы ЖСЖ диапазонын анықтаңыз.

Жаттығу кезінде жүрек соғу жиілігін үш рет өлшеңіз:

1. Жаттығуды бастамас бұрын (қалыпты ЖСЖ);
2. Жаттығуды бастағаннан 10 минут өткенде (жүктеме ЖСЖ немесе күйзеліс ЖСЖ);
3. Жаттығу аяқталғаннан 1 минут өткенде (қалыпқа келу ЖСЖ).

Төмендегі кесте жаттығу үшін оңтайлы жүрек соғу жиілігін (ЖСЖ) анықтауға көмектеседі.

Жас	50–65%	65–75%	75–85%	65–92%	80–92%
20–23	100–128	130–148	150–167	130–181	160–181
24–27	98–125	127–145	147–164	127–178	157–178
28–31	96–123	125–142	144–161	125–174	154–174
32–35	94–120	122–139	141–157	122–170	150–170
36–39	92–118	120–136	138–154	120–167	147–167
40–43	90–115	117–133	135–150	117–163	144–163
44–47	88–112	114–130	132–147	114–159	141–159
48–51	86–110	112–127	129–144	112–155	138–155
52–55	84–107	109–124	126–140	109–152	134–152
56–59	82–105	107–121	123–137	107–148	131–148
60–63	80–102	104–118	120–133	104–144	128–144
64–67	78–99	101–115	117–130	101–141	125–141
68–70	76–98	99–113	114–128	99–138	122–138

Жүрек соғу жиілігі белгілі бір адамның жасына, денсаулық жағдайына және физикалық дайындық деңгейіне байланысты болады. Әр жас үшін жоғарғы және төменгі шекті мәндермен шектелген ғылыми түрде негізделген рұқсат етілген ЖСЖ диапазоны бар. ЖСЖ-нің жоғарғы және төменгі шектері арасындағы аймақ «аэробты аймақ» деп аталады. Сіз өз жасыңызға сәйкес жоғарғы ЖСЖ шегін келесі формула арқылы анықтай аласыз:

Ерлерге:

220 минус жас (мысалы: ер кісі 44 жаста болса, оның максималды жүрек соғу жиілігі минутына $220 - 44 = 176$ соққыдан аспауы тиіс).

Әйелдерге:

226 минус жас (мысалы: әйел кісі 44 жаста болса, оның максималды жүрек соғу жиілігі минутына $226 - 44 = 182$ соққыдан аспауы тиіс).

⚠ НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!

Адам жасына, денсаулық жағдайына және физикалық дайындық деңгейіне сәйкес келетін жүрек соғу жиілігінің қауіпсіз мәндерін тек емдеуші дәрігер ғана анықтай алады.

Қауіпсіздік пен жаттығу тиімділігін арттыру үшін жаттығуды бастамас бұрын дәрігерге қаралып, өзіңіздің оңтайлы ЖСЖ диапазоныңызды анықтаңыз.

Калория шығыны «аэробты аймақта» өте қарқынды болады, ол максималды күйзеліс ЖСЖ мәнінің 65–75%-ын құрайды.

Мысалы, 40 жастағы ер адам үшін:

Максималды жүрек соғу жиілігі $220 - 40 = 180$ «Аэробты аймақтың» жоғарғы шегі $180 \times 75\% = 135$ «Аэробты аймақтың» төменгі шегі $180 \times 65\% = 117$

Есіңізде болсын: ЖСЖ мәндері денсаулық жағдайының жалғыз көрсеткіші емес, сондықтан жаттығу кезінде хал-жағдайыңызды мұқият бақылап отырыңыз.

Жаттығудан кейінгі қалыпты жүрек соғу жиілігінің қалпына келуі физикалық дайындықтың жалпы көрсеткіші болып табылады. Мінсіз жағдайда жаттығу аяқталғаннан кейін 1–1,5 минут ішінде ЖСЖ қалыпты мәнге оралуы керек. Майды ең тиімді кетіретін оңтайлы жаттығу режимі — аптасына кемінде 3–4 рет 40–50 минуттан жаттығу. Одан да қарқынды жаттыққан кезде кемінде бір күн толық демалу қажет.

Төзімділік жаттығулары жүктеме көлемімен де, жүктеме мәнімен/қарқындылығымен де реттеледі. Жаттығу қарқындылығы негізінен ЖСЖ мәнін өлшеу арқылы бақыланады.

⚠ НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!

Жүрек соғу жиілігін бақылау жүйелері бұрмаланған, дәл емес деректерді көрсетуі мүмкін. Жаттығу құрылғысы көрсететін ЖСЖ мәндерін медициналық нұсқау емес, анықтамалық ақпарат ретінде пайдалану қажет! Шамадан тыс жаттығу ауыр жарақатқа немесе өлімге әкелуі мүмкін. Егер жаттығу барысында әлсіздік не ауру белгілерін сезінсеңіз, жаттығуды дереу тоқтатып, дәрігерге қаралыңыз!

Жаттығу кезінде көбірек сұйықтық ішіңіз. Негізі қарапайым адамға тәулігіне 2–3 л сұйықтық ішу ұсынылады. Дегенмен, бұл көрсеткіш жаттығу кезінде айтарлықтай арта түседі. Сіз ішетін сұйықтық бөлме температурасында болуы керек.

4.5 Денені қыздыру және қалыпқа келтіру

Жаттығу алдында қыздырыну денені жаттығуға дайындап, жарақат алу қаупін айтарлықтай азайтады. Әдетте қыздырыну буындар қозғалғыштығы мен бұлшықеттерді қыздыруға арналған жалпы физикалық жаттығуларды қамтиды.

Көптеген қыздырыну жаттығуларын жаттығу бағдарламасына қосып, төзімділік пен жылдамдықты-күштік көрсеткіштерді дамыту үшін оларды негізгі жаттығу кезінде жоғары қарқындылықпен немесе ауыр жүктемемен орындауға болады.

Көбінесе денені қыздыру қимылдары созылу элементтерін қамтиды, олар жалпы ширақтықты сақтап, қарқынды жаттығу бағдарламаларында күштік көрсеткіштерді арттыруға ықпал етеді. Жаттығуды бастамас бұрын, шамамен 10 минут бойы баяу қимылдау арқылы денені созып, қыздырыңыз. Сіз осындай жаттығулардың жеке тізімін түзіп, оны бірнеше ай сайын аздап өзгертіп отырсаңыз болады.

Егер бір күні қатты шаршап, жоспарланған жаттығуға әліңіз болмаса, қысқа денені қыздыру және созылу жаттығуларын жасаңыз, ол күн сіз үшін жеңіл жаттығу күні болады. Нәтижесінде ағзаңыз келесі жаттығу күніне дейін жақсы қалыпқа келіп үлгереді.

Оған қоса, бірнеше қалпына келтіру жаттығуларын орындау арқылы жаттығуды дұрыс аяқтау да маңызды. Олардың қатарына тыныс алу жаттығулары (соның ішінде еңкею, қолды көтеру және түсіру) мен созылу жаттығуларын жатқызуға болады. Бұл бұлшықеттерді босаңсытып, қалыпқа келу процесін тезірек бастауға және жүректі тезірек тыныштандыруға көмектеседі. Оған қоса, бұл жаттығуларды жұмыстан не оқудан кейін, жаттығу жоспарланбаған күндері жасауға болады. Осылайша, стресстен арылып, күні бойы шаршаған бұлшықеттерді босаңсытасыз. Егер көбіне отырып жұмыс істейтін болсаңыз, мұндай жаттығулар омыртқа ауруларының алдын алуға көмектеседі.

⚠ НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!

Жаттығу алдында статикалық созылу жаттығуларын жасамаңыз: оларды жаттығудан кейін бүкіл дене бұлшықеттері жақсы қыздырылған кезде жасау керек. Мұндай жаттығуларды денені қыздырмай жасаған кезде жарақат алу қаупі артады. Оған қоса, бұл созылу түрі бұлшықеттерді босаңсытады, сондықтан созылған бұлшықеттермен кейінгі жаттығулар тиімділігі 15–20%-ға төмендейді.

- Жаттығудан алдын бұлшықеттерді орташа созуға арналған базалық жаттығулар
- Мойын және иық
 - Түреген тұрып басты бірнеше (бес-алты) рет алға-артқа және оңға-солға еңкейтіңіз, содан кейін бір бағытта және керісінше айналдырыңыз;
 - Иықтарды жоғары-төмен көтеріп, түсіріңіз, содан кейін оларды бірге және жеке-жеке айналдырыңыз;

- **Қолдар**
Қолыңызды баяу бұлғап, оларды кезекпен жоғары көтеріңіз, аздап артқа жылжытып, екі жаққа жіберіңіз. Қолыңызды екі жаққа жайып, иықта, содан кейін шынтақ буынында баяу айналмалы қозғалыстар жасаңыз; Қолды бірнеше рет қатарынан алға созып, жұдырықты түйіп, ашып, содан кейін жұдырықты түйіп, оларды бір бағытта, содан кейін екінші бағытта айналдырыңыз;
- **Кеуде**
Кеуде мен арқа бұлшықеттерін созыңыз — алға қарай еңкейіп, арқаны дөңгелектеңіз, содан кейін тік тұрып, кеуде қуысын ашу арқылы иықтарды артқа қарай тартыңыз;
- **Бел**
Алға, артқа және екі жаққа қарай бірнеше (бес-алты) рет еңкейіңіз, бірнеше рет жамбасты бұрыңыз, денені екі жаққа баяу бұрыңыз;
- **Аяқтар**
Орташа амплитудамен бірнеше рет аттаңыз;
Санды жоғары көтеріп орныңызда жүріңіз;
Табаныңызбен айналыңыз;
Аяқты бүкпей, алға қарай баяу еңкею арқылы қол саусақтарын аяқ саусақтарының ұшына тигізуге тырысыңыз.

Созылу алдында:

Тыныс алу мен ЖСЖ қалпына келгенше күтіңіз. Бір жұтым су ішіңіз.

Өзіңізге орын дайындаңыз: гимнастикалық кілемшені төсеңіз, тірек табыңыз (мысалы, швед қабырғасы), өзіңізді айнадан көретін жерге жайғасуға тырысыңыз.

Созылмалы таспаны дайындаңыз — ол икемге келуі қиын дене қалыптарында ұстауға көмектеседі.

Созылу кезінде:

жаттығуларға белсенді қатысқан бұлшықет топтарымен жұмыс істеу;

барлық қозғалыстарды біркелкі және бірте-бірте жасаңыз, серпілудің немесе жұлқырудың қажеті жоқ;

бұлшықетті созар алдында оны босаңсытыңыз;

сезімдерді қадағалаңыз — бұлшықет тартылып,



жағымды ауыруы қалыпты жағдай, бірақ бірден қатты ауырып, ашып кетуіне жол бермеңіз;

жаттығуды жұппен жасамаңыз — басқа адам сіз сезінген нәрсені сезбегендіктен, ол шамадан тыс басып не тартып жіберуі мүмкін;

қалыпты тыныс алыңыз, деміңізді ұстамаңыз;


әр күйде 30 секундтан артық болмаңыз.

4.6 Базалық жаттығулар



Мойын

Басты екі жаққа және алға қарай ақырын еңкейтіп, басты алақанмен итеру арқылы қысымды бірте-бірте арттырыңыз.




Иықтар

Қолды еденге параллель (оң қолды солға, сол қолды оңға) созып, екінші қолмен шынтақты ақырын артқа қарай тартыңыз.



Бицепс

Қолды алға қарай созып, алақанды жоғары қаратыңыз. Екінші қолмен саусақтарды басып, төмен қарай тартыңыз.



Трицепс

Қолды шынтақтан бүгіп, оны арқаға апарыңыз. Саусақтарды омыртқа бойымен төмен қарай тартып, екінші қолмен иықты аздап басыңыз.




Кеуде

Қолды арқа тұсына апарып, саусақтарды айқастырып, денені жоғары қарай созыңыз.




Іш бұлшықеттері

Оң қолды жоғары көтеріп, денені солға қарай еңкейтіп, солға қарай созылыңыз. Екінші қолмен қимылды қайталаңыз.




Арқа және омыртқа

Аяқтарды сәл бүгіп, иық деңгейінде қойыңыз, содан кейін төмен қарай еңкейіп, сандарды құшақтаңыз. Денені төмен қарай созыңыз. Қолмен аяқ саусақтарына қарай созылып, оларға қол тигізуге тырысыңыз.




Іш тығыршығы

Кілемшеге ішпен жатып, қолды жерге тіреңіз, содан кейін денені жоғары көтеру арқылы іш тығыршығын созыңыз. Басты тік ұстаңыз.




Аяқтар

Бір аяқпен алға аттап түсіп, тірейтін аяқтың тізесіне денені еңкейту арқылы екінші аяқтың балтыр және тақым бұлшықеттерін созыңыз.




Алға бір қадам жасап, аяқты өкшеге қойыңыз. Дене салмағын екінші аяққа тасымалдап, оны сәл бүгіңіз. Қолыңызды тізеңізге қойып, еңкейіңіз, сан бұлшықеті мен тізе асты сіңірлерді созыңыз.



Аяқты тізеден бүгіп, оны артқа қарай тартыңыз және аяқ басын қолмен ұстаңыз. Квадрицепсті созу үшін табанды бөксеге қарай тартыңыз.




Бір аяқпен алға алшақ аттап түсіп, қолды жоғары көтеріңіз және шап бұлшықеттерін созыңыз.



Сан және бөксе

Аяқты тізеден бүгіп, оны жоғары көтеру арқылы санды ішке қарай тартыңыз. Сан бицепсі мен бөксе бұлшықеттерін созу үшін қолмен балтырды басыңыз.



Бүкіл дене үшін


Диірмен — қарқынды жаттығудан кейін бүкіл дене бұлшықеттерін созуға арналған классикалық жаттығу.

Аяқтарыңызды иық деңгейінен кеңірек жайып, қолыңызды екі жаққа жіберіңіз, алға еңкейіп, саусақтарыңызды аяқ басына кезекпен тигізіңіз – оларға қолыңызды тигізе алмасаңыз, тек қолыңызды созсаңыз болады.

4.7 Биомеханика — жүгіру жолы

Жүгіру жолы баяу және жылдам қарқынмен жүруден бастап спринт жүгіруге дейін әртүрлі жаттығулар жасауға мүмкіндік береді. Бұл жерде адымдау, жылдам жүру, жүгіру және спринт жүгіру төрт кезеңге бөлінеді:

Кезең	Басталуы	Аяқталуы	Ұсынымдар / Қозғалыс сипаттамасы
Алдыңғы сермеу кезеңі	Тірейтін аяқ дененің ауырлық орталығында	Аяқтың жерге түсуі	Бұл кезеңде тізе барынша жоғары көтеріліп, аяқ алға қарай созылады. Аяқ жерге түскен кезде 10–20 мс бойы ең төменгі нүктеде пассивті тежелу болады.
Алдыңғы тіреу кезеңі	Аяқтың жерге түсуі	Денені тік ұстау	Аяқ жерге түскен кезде аяққа дене салмағынан 2–3 есе артық күш түседі. Осыған байланысты табан дұрыс бөгілуі үшін аяқ киім денеге түсетін күшті жақсы сіңіруі қажет.
Артқы тіреу кезеңі	Денені тік ұстау	Аяқтың жерді итеруі	Соңғы кезеңде аяқ серпіліп, бас бармақпен жерді итереді.
Артқы сермеу кезеңі	Аяқтың жерді итеруі	Денені тік ұстау	



4.8 Қосымша жаттығу нұсқаулары

Жүгіру жолында жүгіру процесімен көпшілік адамдар таныс. Дегенмен, жүгіру кезінде келесі тұстарды ескеру қажет:

- Жаттығу алдында жаттығу құрылғысы дұрыс құрастырылып, орнатылғанын тексеріңіз.
- Жаттығу құрылғысынан түсу үшін оның толық тоқтағанын күтіңіз және тұтқадан мықтап ұстап түсіңіз.
- Жүгіру жолын іске қоспас бұрын, қауіпсіздік кілтінің сымын киімге мықтап бекітіңіз.
- Жаттығу кезінде тек тиісті аяқ киім киіңіз.
- Жаттығу құрылғысында жүгіру әдеттегі жүгіруден ерекшеленеді. Осы себепті жүгіру жаттығуына алдымен жүгіру жолында баяу жүру арқылы дайындалу керек.
- Алғашқы жаттығулар кезінде артық қозғалыстар жасап, құлап қалмау үшін тұтқаларды мықтап ұстаңыз. Бұл, әсіресе, жаттығу кезінде компьютер қолданылатын жағдайларға қатысты.
- Жаңадан бастаушылар өздеріне шамадан тыс жүктеме түсірмеуі үшін жүгіру бетінің еңіс бұрышын тым жоғары орнатпағаны дұрыс.
- Мүмкіндігінше біркелкі қарқынмен жүгіруге тырысыңыз.
- Жүгіру бетінің тек ортаңғы бөлігінде ғана жаттығыңыз.


4.9 Жаттығу компьютерінің сипаттамасы

Бұл модель үш тіл бумасын қамтамасыз етеді: неміс, ағылшын және француз тілдері. Бірінші іске қосу кезінде пайдаланушыға кейін теңшелімдерде өзгертуге болатын тілдердің бірін таңдау ұсынылады (толық ақпаратты «Құрылғы теңшелімдері» бөлімінен қараңыз)

Жүгіру жолында екі индикация түрі бар: (A) Мәзір индикациясы және (B) Жаттығу индикациясы.

A. Мәзір индикациясы

Дисплей қосылған кезде бірінші болып мәзір көрсетіледі. Бұл терезеде пайдаланушы мен құрылғыны теңшеуге, жаттығуды таңдауға және жаттығу нәтижелерін көруге болады. Мәзір индикациясы келесідей көрсетіліп, үш ақпараттық блокты қамтиды:



1. Атауы/енгізу жолы

Навигация аумағының осы бөлімінде сол кезде таңдалып тұрған мәзір элементі көрсетіледі. Осыған қоса, бұл аймақ кейбір мәзір элементтері үшін деректерді енгізу өрісі ретінде қызмет етеді.

2. Ағымдағы мәзір элементінің индикациясы


Дисплейдің ортасында графикалық түрде ағымдағы мәзір элементі көрсетіледі. Көбінесе бұл мазмұнды көрсететін таңбалар.

3. Навигация тақтасы

Навигация тақтасы сәйкес мәзірдің қазір қай жерінде екеніңізді көрсетеді. Навигация тақтасының сол және/немесе оң жағында көрсеткілер көрінсе, консольде орналасқан < және > батырмаларын басу арқылы мәзір элементтерін өзгертуге болады.

В. Жаттығу индикациясы

Кез келген бағдарламаны таңдағаннан кейін жаттығу индикациясы қосылады. Ағымдағы жаттығудың негізгі параметрлері көрсетіледі. Кез келген уақытта жаттығудың ең маңызды көрсеткіштерін тексеруге болады.



Жаттығу режиміндегі индикация

Қажетті жаттығу таңдалған кезде, құрылғы жаттығу режиміне өтеді, осыдан кейін белсенді жаттығуларды бастауға болады.

Кідірту режиміндегі индикация

Жаттығу жасау кезінде стоп батырмасын бассаңыз, жүгіру жолы тоқтап, кідірту режиміне өтеді.


Мәні

1	Жүрек соғу жиілігі	Ағымдағы ЖСЖ	
2	Жаттығу уақыты	Аяқтағаннан кейінгі жалпы уақыт	
3	Энергия шығыны немесе жүрек соғу жиілігінің аймағы	Жалпы энергия шығыны немесе ағымдағы жүрек соғу жиілігінің аймағы ¹	
4	Жаттығу матрицасы	Ағымдағы жаттығу профилі	
5	Жаттығу анимациясы	Жаттығу кезеңдері	
6	Еңістік	Ағымдағы еңістік	Орташа еңістік
7	Қашықтық	Жалпы қашықтық	
8	Жылдамдық немесе қарқын	Ағымдағы жылдамдық немесе қарқын	Орташа жылдамдық немесе қарқын
9	Bluetooth™		

¹ Пайдаланушы деректеріне байланысты.

4.10 Батырмалар функциясы

Жаттығу компьютерінде 18 батырма бар. Сонымен қатар, кейбір модельдер көлбеу (Incline) мен жылдамдықты (Speed) реттеуді жеңілдететін тағы төрт пернемен жабдықталған.




- 1 «Бастау» батырмасы (мәзір тармағын таңдағанда бастау/растау)
- 2 «Стоп» батырмасы (мәзір элементін таңдау кезінде тоқтату/артқа оралу)
- 3 Оң және сол жақ батырмалар
- 4 Еңіс бұрышын реттеу
- 5 Еңіс бұрышын жылдам таңдау батырмасы (4, 8, 12%)
- 6 Жылдамдықты реттеу
- 7 Жылдамдықты жылдам таңдау батырмасы (4, 8, 12 км/сағ)
- 8 Bluetooth
- 9 Дыбыс қаттылығы +/-
- 10 Желдеткіш (1–3 деңгей)²

² Желдеткіш батырманы бір рет басу арқылы қосылады. Бірінші деңгей автоматты түрде қосылады, қайта басу келесі қуат деңгейіне ауыстырады. Ауыстыру кезінде экран ағымдағы 1-ден 3-ке дейінгі мәнді көрсетеді.

4.11 Бастау мәзірі

Шолу

Құрылғы іске қосылғанда, қысқа сәлемдесуден кейін негізгі мәзір ашылады. Мәзір келесі мүмкіндіктерді ұсынады: Жылдам бастау, төрт пайдаланушының біреуін таңдау, қонақ режимін таңдау, құрылғы параметрлерін өзгерту немесе қолданба режимінде смартфонды немесе планшетті қосу.



1 Жылдам старт



Жылдам бастау режимі алдын ала параметрлерді реттеусіз еркін жаттығуды жылдам және оңай бастауға мүмкіндік береді. Бұл жағдайда деректеріңіз ешбір пайдаланушы профиліне тағайындалмайды.

Бұл функция үш секундтық аралықтан кейін уақыт шектеуінсіз еркін бағдарламаны іске қосады, жаттығу кезінде тұтқалардағы немесе консольдегі батырмаларды пайдаланып, еңіс бұрышын немесе жылдамдықты реттеуге болады. Стоп батырмасын басу жаттығуды кідіртеді, START батырмасын басу сізді жаттығуға қайтарады.

2 Пайдаланушы таңдауы



Бұл мәзір элементі жеке теңшелімдері реттелген төрт пайдаланушының бірін таңдауға мүмкіндік береді. Бұл жеке пайдаланушы профилдері тұрақты жаттығуларға арналған. Есептік жазба жеке теңшелімдерді орнатуға және жаттығу нәтижелерін сақтауға мүмкіндік береді (толығырақ мәліметтер пайдаланушы мәзірі бөлімінде).

3 Қонақ режимін таңдау



Қонақ — бұл пайдаланушының алдын ала анықталған профилі. Параметрлерді алдын ала реттеудің қажетінсіз кез келген жаттығу бағдарламасын (ЖСЖ бақылау мүмкіндігі бар жаттығудан басқа) пайдалануға мүмкіндік береді. Қонақ режимінде жаттығу нәтижелері сақталмайды. Сонымен қатар, жеке параметрлерді енгізу мүмкін емес.

Бұл режимде пайдаланушыға еркін жаттығу, трейлдік жаттығу, тауға шығу имитациясы, интервалды жаттығу сияқты функциялар қолжетімді болады. Жаттығулар бойынша толығырақ ақпаратты 4.4.2 Жаттығу бағдарламалары бөлімінде қарауға болады.

4 Жаңа пайдаланушыны жасау



Осы мәзір жаңа жеке пайдаланушыларды жасауға арналған. Бұл мәзір элементін таңдаған кезде, консольде орналасқан < және > батырмаларын басып, атыңызды, жасыңыз бен физикалық дайындық деңгейін көрсету қажет. Таңдау START батырмасын басу арқылы расталады. Қажет болса, бұл теңшелімдерді пайдаланушы мәзірінде профиль теңшелімдері бөлімінде өзгертуге болады.

5 Құрылғы теңшелімдері



Құрылғының барлық жалпы пайдаланушы теңшелімдерін орнатуға мүмкіндік береді. Пайдаланушы мүмкіндіктері:

- Тілді өзгерту
 - Неміс
 - Ағылшын
 - Француз
- Өлшемдер жүйесін таңдау
 - Империялық өлшеу жүйесі
 - Метрикалық өлшеу жүйесі
- Құрылғы туралы ақпаратты алу
 - Жалпы деректер
 - Бағдарламалық жасақтама нұсқасы
 - Құрастыру нұсқасы
- Монитордың өшу уақытын реттеу

- Пернелерді басу дыбыс қаттылығын реттеу
- Жаттығу құрылғысының бағдарламалық жасақтама нұсқасын жаңарту
- Жүгіру жолын зауыттық күйге дейін қайтару

6 Құрылғымен синхрондау




Смартфонды немесе планшетті индикация дисплейіне қосып, қосымша жаттығу опцияларын алыңыз. Бұл мүмкіндік Кіпотар қолданбасы арқылы жаттығу тәжірибеңізді жақсартуға мүмкіндік береді. Кіпотар ойын-сауық құрамдас бөлігі болуы үшін арнайы жасалған. Қалаған нәтижеге сәйкес бейнені таңдап, көркем маршруттағы жаттығудан ләззат ала аласыз. Қосылу процесі бойынша қосымша ақпаратты 4.6 Желі арқылы жаттығу жасау бөлімінен алуға болады.

4.12 Пайдаланушы мәзірі

Жеке деректер аумағы


Негізгі экранда профильді таңдап, START батырмасын басу арқылы сәйкес пайдаланушы мәзіріне өтуге болады. Осында жеке жаттығулар туралы барлық ақпаратты табуға болады.



1 Соңғы жаттығуды қайталау



Осы мәзір элементін таңдаған кезде, соңғы басталған жаттығу бірден ашылады. Бұл мәзір элементі пайдаланушы мәзіріне өту кезінде әрқашан әдепкі бойынша таңдалып тұрады. Ол START батырмасын бір рет басу арқылы соңғы жаттығуды бастауға мүмкіндік береді.



2 Жаттығу бағдарламалары



Бұл мәзір элементі жүгіру жолыңыз үшін қолжетімді барлық жаттығу опцияларын қамтиды: FREE TRAINING, HRC TRAINING, TRAIL TRAINING, UPHILL TRAINING, INTERVAL TRAINING, OWN PROGRAMS (еркін жаттығу, ЖСЖ бақылау мүмкіндігі бар жаттығу, трейлдік жаттығу, тауға шығу имитациясы, интервалды жаттығу, жеке бағдарламалар). Әр бағдарлама, өз кезегінде, күрделілік деңгейіне және қажетті уақытқа байланысты бірнеше нұсқаға ие.

Бағдарлама сипаттамасы

Осы модельге 26 бағдарлама кіреді, оның ішінде 3 мақсатты жаттығу, 4 ЖСЖ бақылау мүмкіндігі бар жаттығу, 13 кірістірілген жаттығу, 4 пайдаланушы профиліне арналған 5 жеке конфигурацияланған жаттығу, жылдам бастау функциясы және қонақ режимі.

• Free training (Еркін жаттығу)

3 бағдарлама

Бұл жүгіру жолы уақыт, қашықтық және калориялар бойынша еркін жаттығу режимін таңдау мүмкіндігін береді. Таңдалған режимге байланысты пайдаланушы параметрлердің біріне сәйкес жаттығу мақсатын қояды және қалаған нәтижеге байланысты компьютер еркін жаттығуды реттейді.

• HRC training (ЖСЖ бақылау мүмкіндігі бар жаттығу)

4 қарқындылық деңгейі

Бұл бағдарламаны орындау кезінде жаттығу компьютері пайдаланушының жүрек соғу жиілігін өлшейді және оны қойылған мақсатпен салыстырады, содан кейін жүктеме деңгейін азайту немесе арттыру арқылы жаттығуды реттейді. Пайдаланушы келесі деңгейлерді таңдай алады:

1. Active recovery (Белсенді қалпына келу)
2. Fat burner (Май жағу)

3. Endurance (Төзімділікке жаттығу)
4. Endurance intense (Төзімділікке қарқынды жаттығу)

- **Trail training (Трейлдік жаттығу)**

4 қарқындылық деңгейі

Бұл жаттығу бағдарламасына жаттығу барысында жүгіру жолының еңіс бұрышы деңгейін өзгерту арқылы табиғи рельеф имитациясын жасайтын алдын ала жасалған бағдарламалардың бірнеше «маршруты» кіреді

- **Uphill training (Тайға шығу имитациясы)**

4 қарқындылық деңгейі

Бағдарламаның бұл типінің мақсаты — жүрек-қан тамырларын нығайтуды ынталандыру және жұмыс істейтін бұлшықет топтарында бұлшықет жасушаларының дамуын барынша арттыру. Осы бағдарлама жүктемені өте баяу және бірте-бірте ұлғайтумен басталады, максималды жүктеме деңгейіне жетіп, жаттығудың соңына қарай жүктемені бірте-бірте азайтады. Ең жоғары деңгейде калорияларды жағуға ықпал етеді, сонымен бірге жаттығудың соңына қарай жүктемені азайтуға және қарқындылықтың бастапқы деңгейіне оралуға мүмкіндік береді.

- **Interval training (Интервалды жаттығу)**

5 қарқындылық деңгейі

Бұл жаттығу бағдарламасы жалпы аэробты төзімділікті дамытуға мүмкіндік береді. Бұл бағдарлама қалпына келу кезеңдерімен ауысатын жаттығудың белсенді бөлігінің аралықтарынан тұрады

- **Own programs (Пайдаланушылық жаттығу)**

Бұл мәзір элементі сақталған пайдаланушы бағдарламаларын таңдауға немесе бұрын жасалған бағдарламаларды жоюға мүмкіндік береді. Жүгіру жолы пайдаланушының қалауы бойынша өзгертуге болатын бағдарлама профилі бар бес бағдарламаға дейін сақтауға мүмкіндік береді. Жаңа жаттығуларды жасау туралы қосымша ақпаратты «Жаңа жаттығу жасау» бөлімінен табуға болады.

- **Жылдам старт**

Жылдам бастау режимі алдын ала параметрлерді реттеусіз еркін жаттығуды жылдам және оңай бастауға мүмкіндік береді. Бұл функция үш секундтық аралықтан кейін уақыт шектеуінсіз еркін бағдарламаны іске қосады, жаттығу кезінде тұтқалардағы немесе консольдегі батырмаларды пайдаланып, еңіс бұрышын немесе жылдамдықты реттеуге болады

3 Жаңа жаттығу жасау



Бұл жаттығу конфигураторы жеке жаттығуларды оңай реттеуге мүмкіндік береді. Бұл бөлімде $\pm$ пернелері арқылы жаттығу уақытын алдын ала орнатуға болады, содан кейін START батырмасын басу арқылы жаттығу нұсқасына (жылдамдықты немесе еңіс бұрышын өзгертін бағдарлама) өтіп, пайдаланушы қалауы бойынша бағдарлама профилін өзгертуге болады. Деңгей жаттығу құрылғысының консоліндегі немесе тұтқалардағы +/- батырмаларын басу арқылы таңдалған жаттығу түріне сәйкес реттеледі және аяқталған бағдарлама START батырмасын басу арқылы сақталады. Кейін жаттығу деректерін «Жаттығу бағдарламалары» бөлімінде табуға болады, осында сіз жеке жаттығу бағдарламаларыңызды жою аласыз.



4 Менің нәтижелерім



Мәзірдің бұл бөлімінде пайдаланушының жеке жалпы көрсеткіштері көрсетіледі. Соңғы жаттығу туралы ақпаратты, барлық жаттығулар бойынша деректерді білуге болады. Сондай-ақ, бұл бөлімде бұрын сақталған деректерді жою функциясы бар.



5 Жеке теңшелімдер

Жеке теңшелімдер мәзірі пайдаланушының барлық жеке теңшелімдерін енгізуге мүмкіндік береді (мысалы, атын, жасын, жүрек соғу жиілігі бойынша деректерді, жаттығудың қиындық деңгейін өзгерту). Осы мәзір пункті арқылы жасалған өзгертулер басқа пайдаланушылардың теңшелімдеріне әсер етпейді және сіздің жеке тілектеріңізді жүзеге асырады. Пайдаланушы атын өзгерткен кезде < және > пернелерін пайдаланыңыз, START пернесін басу арқылы таңбаны таңдаңыз және STOP батырмасын пайдаланып таңбаны жойыңыз.

4.13 Жүрек соғу жиілігін сымсыз өлшеу жүйесін пайдалану

⚠ Назар аударыңыз:

Жүрек соғу жиілігін сымсыз өлшеу жүйесі электрокардиограмма дәлдігімен салыстырылатын жүрек соғу жиілігін өлшеудің жоғары дәлдігін қамтамасыз етеді. Алайда, бұл медициналық аспап емес және оны диагностикалық немесе басқа медициналық мақсаттарда қолдануға болмайды.

Құрылғы қабылдағыштан, компьютерге кіріктірілген жаттығу құрылғысынан және кеуде таратқышынан (міндетті емес) тұратын жүрек соғу жиілігін сымсыз өлшеу құрылғысымен жабдықталған. Кеуде таратқышы осы жаттығу құрылғысының жеткізілім жиынтығына кірмейді және оны қосымша сатып алу ұсынылады.


Кеуде таратқышын пайдалану үшін оны кардиодатчиктің пайдалану нұсқаулығына сәйкес денеге бекітіңіз, бірнеше секундтан кейін компьютер дисплейінде сигналдың келгенін білдіретін белгі пайда болады және аз уақыттан кейін жүрек соғу жиілігі туралы деректер пайда болады.

Жүрек соғу жиілігін сымсыз өлшеу жүйесін пайдалану жоғары дәлдікті ыңғайлылықпен үйлестіруге мүмкіндік береді, өйткені қолыңыз бос қалады және сонымен қатар сізді жаттығу құрылғысына қосатын сымдар жоқ.

Жоғары вольтты аспаптар, трансформаторлар, теледидарлар, радиоқабылдағыштар, ұялы телефондар сияқты электромагниттік сәулелену көздері таратқыш пен қабылдағыш арасында деректерді жіберуге кедергі келтіруі мүмкін. Жаттығу құрылғысын қабылдау аймағынан (шамамен 1 м) кедергінің ықтимал көздерін жоятындай етіп орналастыруды ұсынамыз.

Жүрек соғу жиілігін өлшеу үшін датчик денеңіздің бетінен электрлік потенциалдарды тіркейді, сондықтан таратқыштың жанасу алаңдары терімен тығыз байланыста болуы керек. Дегенмен, егер теріңіз аллергияға бейім болса, таратқышты жұқа майка үстінен киіп, таратқышпен жанасатын матаны сулап қоюға болады. Ішімдікті тұтыну немесе дененің жалпы сусыздануы аспаптың терімен байланысын бұзатынын есте ұстаған жөн, бұл өлшеудегі дәлсіздіктерге немесе оның толық болмауына әкелуі мүмкін. Жанасу алаңдарымен түйісу нүктелеріндегі терінің тығыз түкті жабыны да деректердің бұрмалануына себеп болуы мүмкін.

Жақсырақ өлшеу үшін жаттығуды бастамас бұрын жанасу алаңдарын сумен немесе арнайы электр өткізгіш гельмен аздап ылғалдандыруды ұсынамыз. Ол үшін вазелинді және майлы кремдерді не сұйықтықтарды қолданбаңыз, өйткені олар теріден импульстар жайлы мәліметтерді алуға кедергі келтіретін оқшаулау қасиеттеріне ие болуы мүмкін.



Кеуде таратқышын пайдалану үшін:

1. таратқышты серпімді белдікке бекітіңіз;
2. кардиобелбеуді суретте көрсетілгендей денеге киіңіз;
3. бірнеше секундтан кейін компьютер дисплейінде сигналдың келгенін білдіретін белгі пайда болады және аз уақыттан кейін жүрек соғу жиілігі туралы деректер пайда болады.

4.14 Мобильді қолданбаларды пайдалану үшін мобильді құрылғыларды консольге қосу



Бұл жаттығу құрылғысы планшеттер мен смартфондарға BLUETOOTH арқылы қосылуға және орыс тіліндегі нұсқасы бар Kinomap мобильді қолданбасымен жаттығуға мүмкіндік береді.


Ескерту:

- Телефон Bluetooth Low Energy деп аталатын Bluetooth 4.0 немесе одан кейінгі нұсқасымен жабдықталған болуы керек
- Смартфонға немесе планшетке қосылу үшін жаттығу құрылғысы күту режимінде болуы керек, әйтпесе жаттығуды тоқтату қажет болады.



1. Kinomap қолданбасын APP STORE не GOOGLE PLAY дүкенінен ТЕГІН жүктеп алыңыз.
2. Мобильді құрылғыда Bluetooth функциясы қосылуы екенін тексеріңіз. Қолданбаны ашып, нұсқауларға сәйкес тіркелгіні теңшеңіз және параметрлерді орнатыңыз.
3. Жабдықты қосу:
 - Қосымша -> Жабдықты басқару -> Жаңа жабдық қосу қойындысына өтіңіз. KETTLER сауда белгісінің белгішесін тауып, кардио жаттығу құрылғысының моделін таңдаңыз.
 Немесе
 - Қосымша -> Жабдықты басқару -> Жаңа жабдық қосу қойындысына өтіңіз. SENSORS - ANT+ Bluetooth Smart белгішесін таңдап, «Интерактивті FTMS» тармағын таңдаңыз.
 Синхрондау бірнеше секундқа созылады.
4. Смартфонды не планшетті планшет ұстағышына қойыңыз. Консоль экранындағы нұсқауларды орындаңыз.
5. Kinomap қолданбасын пайдалану.
 Қолданбадан жаттығу жасауға қосымша ынталандыратын бейнелер мен коучинг бағдарламаларын тауып, оларды смартфонға немесе планшетке жүктеп алуға болады. Тегін негізгі нұсқада көптеген материалдар бар. Жазылым бірнеше мың бейне дерекқорына қол жеткізуге мүмкіндік береді.
 Толығырақ: www.kinomap.com

5 ЖАТТЫҒУ ҚҰРЫЛҒЫСЫНЫҢ ЕГЖЕЙ-ТЕГЖЕЙЛІ СҰЛБАСЫ



6 ЖИЫНТЫҚТАУЫШТАР ТІЗІМІ

№	Жалпы сипаттамасы	Саны
1.	Тірек қаңқа	1
2.	Реттелмелі басқыш	4
3.	Тасымалдау роликтері	2
4.	Кабель	1
5.	Көтергіш қаңқа	1
6.	Сол жақ тұтқа	1
7.	Сол жақ тұтқа пернесі	1
8.	Сым	1
9.	Оң жақ тұтқа	1
10.	Оң жақ тұтқа пернесі	1
11.	Сым	1
12.	Тұтқа кабелі	1
13.	Мотор	1
14.	Дека	1
15.	Артқы ролик	1
16.	Алдыңғы ролик	1
17.	Жүгіру жолағын көтеретін мотор	1
18.	Тақша	1
19.	Сүзгі	1
20.	Индуктор	1
21.	Жүгіру жолағын көтеретін цилиндр	1
22.	Мотор қаптамасы	1
23.	Мотор табандығы	1
24.	Сол жақ артқы бітеуіш	1
25.	Оң жақ артқы бітеуіш	1
26.	Мотордың сол жақ қаптамасы	1
27.	Мотордың оң жақ қаптамасы	1
28.	Жоғарғы артқы қаптама	1
29.	Сол жақ жастық	1
30.	Оң жақ жастық	1
31.	Тасымалдау роликтері	2
32.	Жүгіру жолағы	1
33.	Белдік	1
34.	Жылдамдық датчигі	1
35.	Ауыстырып қосқыш	1
36.	Қуат кабелі	1
37.	Сол жақ бүйірлік қаптама	1
38.	Оң жақ бүйірлік қаптама	1
39.	Бүйірлік жабыстырма	2
40.	Сол жақ тұтқа қаптамасы	1
41.	Оң жақ тұтқа қаптамасы	1
42.	Консоль ұстағыш	1

№	Жалпы сипаттамасы	Саны
43.	Консольдің төменгі тақтасы	1
44.	Қауіпсіздік кілті	1
45.	Жүрек соғу датчигі	2
46.	Консольдің төменгі қаптамасы	1
47.	Планшет қысқышы	1
48.	Консоль қаптамасы	1
49.	Желдеткіш	1
50.	Динамик	1
51.	Консоль қаптамасы	1
52.	Консоль қаптамасы	1
53.	Дисплей	1
54.	Сол жақ бөтелке ұстағышы	1
55.	Оң жақ бөтелке ұстағышы	1
56.	Карта ұстағыш	1
57.	Сағат ұстағыш	1
58.	Мультимедиа кабелі	1
59.	Кабель	1
60.	Кабель	1
61.	Кабель	1
62.	Майлағыш	1
63.	Бекітпе жинағы	1

7 ТЕХНИКАЛЫҚ АҚПАРАТ

Жаттығу құрылғысының қуаты	220 В желі
Мотор қуаты	3,0 а.к.
Жылдамдықты реттеу	20 км/сағ дейін
Жүгіру жолағының еңіс бұрышын реттеу	0–12 деңгей
Жүрек соғу жиілігін өлшеу	Тұтқалардағы датчиктер, кірістірілген Bluetooth кардиоқабылдағыш
Кеуде кардиобелбеуі	Қосымша
Жинау жүйесі	Бар
Жұмыс күйіндегі өлшемдері (Ұ×Е×Б)	189,5×87×143,5 см
Жиналған күйдегі өлшемдер (Ұ×Е×Б)	126×87×153 см
Жүгіру жолағының өлшемі (Ұ×Е)	50×140 см
Максималды пайдаланушы салмағы	140 кг
Жаттығу компьютері	Терге төзімді үлкен LCD дисплейі, 36 оқу бағдарламасы Еңіс бұрышты электрлік реттеу Кірістірілген динамиктер AUX порты
Қосымша	KETTLER Energy Deck ® & BASF Infinergy ® амортизациясы Жүгіру бетін ақырын түсіруге арналған амортизатор Bluetooth Смарт сағаттармен үйлесімді Kinomap қолданбасымен үйлесімді Желдеткіш Су бөтелкелеріне арналған 2 орын Фитнес-білезікке арналған кронштейн Сақтандырғыш қысқышы бар планшет ұстағышы Қауіпсіздік кілті TrackStop Тасымалдау роликтері Жиналған жаттығу құрылғысы 2 тасымалдау ролигі арқылы оңай жылжытылады Еден қисықтығының компенсаторлары
Бұйымның кепілдік мерзімі	жаттығу құрылғысына 2 жыл жаттығу құрылғысының қаңқасына 5 жыл

[illegible]



Сауда белгісі: KETTLER

Модель: TRACK S6 07886-600

Қытайда жасалған

Импорттаушы және дайындаушы уәкілеттік берген ұйым: «Спортмастер Казахстан» ЖШС

Заңды мекенжайы: 117437, Мәскеу қ., Миклухо-Маклай к-сі, 18-үй, 2-корп., 102-бөлме

Анықтама қызметі: 8 495 777-777-1

Бұл тауар Ресей Федерациясының заңнамасының талаптарына сәйкес сатылады.

Кепілдік жөндеу кезінде немесе заңда көзделген өзге де талаптар қойылған кезде тауарды сатып алу күнін растау үшін ілеспе құжаттарды (чек, түбіртек, сатып алу күні мен орнын растайтын өзге де құжаттар) сақтауыңызды сұраймыз.

Өндіруші тұтынушыға алдын ала хабарлама жібермей, бұйымның жиынтықтамасына, дизайнына, функциялық мүмкіндіктеріне, соның ішінде аппараттық және бағдарламалық жасақтамасына өзгерістер енгізу құқығын өзіне қалдырады.